



20 18 ЖЫЛҒЫ « 09 » 10

« 09 » 10 20 18 года

Аудиторлық есеп

Ақсукеңт ауылы

№1 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –мекеме) Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2002 жылдың 01 қазан айында 18512-1958-ММ санды нөмерімен тіркелген. БСН 020940000997. Мекен жайы: 160800, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы, Жібек Жолы көшесі, №95 үй. Банктік есеп айырысу Сайрам аудандық Қазынашылық басқармасында ашылған ЖСК-KZ73070103KSN5811000, БСК-KKMFKZ2A.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Сайрам аудандық бюджет қаржыларының жұмсалыуына және 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу»

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың аудиті;

2) мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін жүзеге асыру.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 122 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 122 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 122 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар», 122 006 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» 122 007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар», 122 115 «Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау» бюджеттік бағдарламаларға бөлінген қаржыларға аудит жүргізу.

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: тиімділік аудиті.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып):



0003137

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы Керімбек Жайықбай Әпенұлы жүргізді (мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы №0425 сертификат)

1.7. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Жақыпов Болат Сәулеұлының аудиторлық іс-шараны жүргізуге 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №9-198-Т тапсырмасы.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2016 жылдың 01 шілдесінен 2018 жылдың 30 маусым аралығы.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2018 жылдың 19 қыркүйек – 09 қазан айлары аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды қызметкерлері, атап айтқанда:

Бірінші қол қою құқығына мемлекеттік аудит объектісінің аппарат басшысы Тұрғынбеков Берік Елтайұлы, екінші қол қою құқығына мемлекеттік аудит объектісінің бас инспектор–бас есепшісі Белгибаева Гульшат Бухаровна ие болған.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: Үстеме тексеру жүргізілмеді.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман-аудиторы Дауренов Бақытжан Дауренұлы 01.01.2014 – 01.07.2016 жылдар аралығындағы мерзімге тиімділік аудитін (сыртқы мемлекеттік аудит) жүргізіп, нәтижесінде ҚР Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, ҚР Парламенті депутаттарының ҚР шегіндегі қызметтік іс-сапарлары туралы» ережесінің 12-тармағын сақтамағандықтан, барлығы 3596,6 мың теңге рәсімдік бұзушылық анықталған. Анықталған бұзушылықтар бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылып, бұзушылыққа жол берген мекеменің әкімшілік бөлімінің басшысы Орынбаев Жандос Мусуралиевичке және бас инспектор - бас есепші Белгибаева Гульшат Бухаровнаға «ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілген.

Облыс әкімі аппараты басшысы Ә.Тұрғымбековтің 29.05.2017 жылғы №03/3710 аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырмасы негізінде, облыс әкімі аппараты ішкі мемлекеттік аудит қызметінің бас инспекторы Ерлан Ержанұлы Төлендиев 2016 жылдың 01 шілдесінен 2017 жылдың 31 наурыз аралығында 122 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасы бойынша 21005,2 мың теңге мен 122 006 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген 11698,0 мың теңгеге сәйкестік аудитін жүргізген. Аудиторлық іс-шара (тексеру) қорытындысы бойынша ҚР Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығының

8 тармағының талаптары бұзылғандығы анықталған. Анықталған бұзушылықтар бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылып, бұзушылыққа жол берген мекеменің әкімшілік бөлімінің басшысы Орынбаев Жандос Мусуралиевичке «ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілген.

Аудит жүргізу аралығында мемлекеттік аудит объектісінде Тексеру комиссиясы тарапынан ұсынылған бақылауда тұрған нұсқамалар жоқ.

Негізгі бөлік

2.1. Көрсеткіш: Бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігі (бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілу пайызымен бірге бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижесіне жеткізудің пайыздық ара қатынасы)

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:

Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі: 405 798,0 мың теңге

ББӨ		Аудитпен қамтылатын қаржы			
		2016 жылдың II ж/ж	2017 жыл	2018 жылдың I ж/ж	Жалпы
122 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты		91 634,0	171 630,0	142 534,0	405 798,0
122001000	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	75 561,0	123 224,0	72 269,0	271 054,0
122001011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	9 216,0			9 216,0
122001015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	66 345,0			66 345,0
122003015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0	8 530,0	25 771,0	34 301,0
122005000	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	13 163,0	30 759,0	16 169,0	60 091,0
122005011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	3 097,0			3 097,0
122005015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	10 066,0			10 066,0
122006000	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 698,0	8 893,0	24 134,0	35 725,0
122007000	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	212,0	224,0	0,0	436,0
122115000	Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	0,0	0,0	4 191,0	4 191,0

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

2.1.1.2.1. *Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту талаптарының заңнамаға сәйкестігі;*

01.07-31.12.2016 жылы аудитпен қамтылған кезең аралығында, алдында бекітілген бюджеттік бағдарламаларға Сайрам ауданы әкімі аппараты басшысының 27.09.2016 жылғы №105, 26.10.2016 жылғы №126 және 29.11.2016 жылғы №131 бұйрықтарымен өзгертулер енгізілген.

2017-2019 жылдарға арналған жалпы сомасы 347874,0 мың теңгені құрайтын бюджеттік бағдарламалар Сайрам ауданы әкімі аппараты басшысының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №139 бұйрығымен, осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5 қосымшаларына сәйкес бекітілген. Жыл ішінде 15.03.2017 жылғы №28, 13.07.2017 жылғы №41, 24.11.2017 жылғы №68 және 12.12.2017 жылғы №71 бұйрықтармен өзгерістер енгізілген.

2018-2020 жылдарға арналған жалпы сомасы 284494,0 мың теңгені құрайтын бюджеттік бағдарламалар Сайрам ауданы әкімі аппараты басшысының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №149 бұйрығымен, осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5 қосымшаларына сәйкес бекітілген. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына 30.01.2018 жылғы №18, 05.04.2018 жылғы №56 және 11.06.2018 жылғы бұйрықтармен өзгерістер енгізілген.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік бағдарламаны жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлеп бекіткен және тікелей және түпкілікті нәтиженің көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемін қамтыған. Сонымен қатар, бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгергенде, бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша қайта бекітіліп, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің веб-сайтында орналастырылып отырған. Яғни, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірлеп, бекітілген. Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.2. *Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің нақты орындалған көрсеткіштермен сәйкестігін салыстыру, орындалмаған жағдайда, әрбір көрсеткіштердің орындалмау себептерін анықтау;*

2016 жылдың 01 шілде - 31 желтоқсан айлары аралығында 122 001(011,015) «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 75561,0 мың теңге (РБ-9216,0 мың теңге, ЖБ-66345,0 мың теңге) қаралып, игерілгені 75559,2 мың теңге немесе 1,8 мың теңге үнемделген (ЖБ-тің 123, 144, 161 ерекшеліктері бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты - аудан әкімі аппаратын ұстау және аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, тиімді экономикалық саясатты жүргізу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Бөлінген трансферттер көлемінде аппараттың 28 штаттық қызметкерлерінің жоғарлатылған 30% еңбек ақысы мен аппараттың мемлекеттік қызметкерлері болып табылмайтын 31 қызметкерлерінің үстемеақысын уақтылы төленуін қамтамасыз ету. Штат саны 28 мемлекеттік қызметкерлердің және 31 бірлік техникалық қызметкерлерді құрайтын аудан әкімі аппаратын ұстау.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына 13163,0 мың теңге (*РБ-3097,0 мың теңге, ЖБ-10066,0 мың теңге*) қаралып, игерілгені 13165,2 мың теңге немесе 0,8 мың теңге үнемделген (*ЖБ-тің 152, 153, ерекшеліктері бойынша*).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралардың сапасы мен тиімділігін арттыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Бөлінген трансферттер көлемінде мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын 24 қызметкердің лауазымдық қызметақыға үстемақының есептеулерін уақтылы қамтамасыз ету және штат саны 24 бірлікті ұстау.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122006 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасына 2698,0 мың теңге қаралып, толық игерілгені.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға арналған шығыстарды өтеу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: 10 бірлік авариялық құтқару құрал-саймандарын сатып алу. Нақты 2016 жылдың тамыз айында «Д.К.Сарсенбаев» ЖК-нен 10 бірлік (*оның ішінде 3 дана мотопомпа 246,0 мың теңгеге, 1 дана моторлы ара 132,0 мың теңгеге, 1 дана металл кескіш 388,0 мың теңгеге, 1 дана пресс-қайшы 412,0 мың теңгеге, 1 дана удлинитель 212,0 мың теңгеге, 1 дана насос станциясы 488,0 мың теңгеге, 1 дана көтергіш домкрат 352,0 мың теңгеге, 1 дана расширитель 468,0 мың теңгеге*) авариялық құтқару құрал-саймандары сатып алынған.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына 212,0 мың теңге қаралып, игерілгені 211,2 мың теңге немесе 0,8 мың теңге үнемделген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан ауқымындағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіруге арналған ағымдағы шығыстарды өтеу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Жанар-жағар май қорын құру және жұмыстарын ұйымдастыру. Нақты, 2016 жылдың шілде айында «Гелиос» ЖШС-нен 1150 л АИ-80 бензині 102,0 мың теңгеге, 1100 л дизельді отын 109,2 мың теңгеге сатып алынған.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

2017 жылы 122 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 123224,0 мың теңге қаралып, игерілгені 123221,7 мың теңге немесе 2,3 мың теңге үнемделген (123, 136, 144, 161, 162, 414 ерекшеліктері бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты - аудан әкімі аппаратын ұстау және аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, тиімді экономикалық саясатты жүргізу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Аудан әкімі аппараттын штат саны 28 бірлік мемлекеттік қызметкерлерді 30% еңбекақыларының өсуімен және 29 бірлік техникалық қызметкерлерді еңбекақыларына жаңа модельді және еңбектің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақылармен ұстау.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына 8530,0 мың теңге қаралып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан әкімі аппаратын материалдық-техникалық жарықтандыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: – 1 бірлік қызметтік көлікпен және 1 бірлік жылыту қазандығымен қамтамасыз ету. Нақты 22.02.2017 жылғы №35 келісім-шартқа сәйкес «Өрт-Су» ЖШС арқылы 780,0 мың теңгеге жылыту қазандығы сатып алынса, 27.07.2017 жылғы №90 келісім-шартқа сәйкес «Азия Авто» АҚ арқылы 7750,0 мың теңгеге қызметтік автокөлік сатып алынған.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына 30759,0 мың теңге қаралып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралардың сапасы мен тиімділігін арттыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Штат саны 24 техникалық қызметкерді еңбекақыларына жаңа модельді және еңбектің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақылармен ұстау.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 006 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасына 8893,0 мың теңге қаралып, игерілгені 8892,4 мың теңге немесе 0,6 мың теңге үнемделген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға арналған шығыстарды өтеу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: 1 бірлік Ақбұлақ ауыл округіндегі «Аламан» каналының жағалауына төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында бекіту жұмыстарын жүргізу;

1 бірлік Қарамұрт ауыл округі 117 кварталында орналасқан «Сібір жарасы» көміндісін оқшаулау және Ақсу өзенінің жағалауын бекіту және арна бұру жұмыстарының жобалау және іздестіру жұмыстарының сметалық құжаттамасын жасау;

1 бірлік Қарамұрт ауыл округі 117 кварталында орналасқан «Сібір жарасы» көміндісін оқшаулау және Ақсу өзенінің жағалауын бекіту және арна бұру жұмыстарының жобалау және іздестіру жұмыстарының сметалық құжаттамасын экспертизадан өткізу болған.

Нақты орындалғаны: Ақбұлақ ауыл округіндегі «Аламан» каналының жағалауына төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында бекіту жұмыстарын жүргізу бойынша «Ш.Е.Байжуманова» ЖК-мен 20.04.2017 жылы 5 645 654 теңгелік №59-шы келісім шартқа тұрған. Аталған жұмысты 26.05.2017 жылы түзілген қабылдау Актісімен қабылдаған. Алайда, келісім шарттағы келісілген соманың 5 566 615 теңгесі Мердігерге аударылса, ал қалған 79039 теңгесі (*тұрақсыздық айыбы*) жұмыстың орындау мерзімін 14 күнге кешіктіргені үшін 29.08.2017 жылғы №5165-17-22-2/3551 соттың шешіміне сәйкес, бюджетке аударылған.

Қарамұрт ауыл округі 117 кварталында орналасқан «Сібір жарасы» көміндісін оқшаулау және Ақсу өзенінің жағалауын бекіту және арна бұру жұмыстарының жобалау және іздестіру жұмыстарының сметалық құжаттамасын жасау бойынша «РемВодстрой» ЖШС-мен 11.12.2017 жылы 2744,1 мың теңгелік №130-шы келісім шартқа тұрған. Аталған жұмысты 15.12.2017 жылы түзілген қабылдау Актісімен қабылдап, келісілген қаржы толық аударылған.

Қарамұрт ауыл округі 117 кварталында орналасқан «Сібір жарасы» көміндісін оқшаулау және Ақсу өзенінің жағалауын бекіту және арна бұру жұмыстарының жобалау және іздестіру жұмыстарының сметалық құжаттамасын экспертизадан өткізу бойынша «PROF-EXPERTISE» ЖШС-мен 15.12.2017 жылы 502,6 мың теңгелік №131-ші келісім шартқа тұрған. Аталған жұмысты 28.12.2017 жылы түзілген қабылдау Актісімен қабылдап, келісілген қаржы толық аударылған.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

122 007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына 224,0 мың теңге қаралып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан ауқымындағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіруге арналған ағымдағы шығыстарды өтеу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Жанар-жағар май қорын құру және жұмыстарын ұйымдастыру. Нақты 2017 жылдың шілде айында «Гелиос» ЖШС-нен 224,0 мың теңгеге 1600 литр *дизельді отын* сатып алынған.

Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштері орындалған.

2018 жылдың бірінші жартыжылдығына 122 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 72269,0 мың теңге қаралып, игерілгені 72266,4 мың теңге немесе 2,6 мың теңге үнемделген (113, 123, 144, 149, 152, 161, ерекшеліктері бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты - аудан әкімі аппаратын ұстау және аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, тиімді экономикалық саясатты жүргізу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Аудан әкімі аппаратын штат саны 28 бірлік мемлекеттік қызметкерлерді 30% еңбекақыларының өсуімен және 30 бірлік техникалық қызметкерлерді еңбекақыларына жаңа модельді және еңбектің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақылармен ұстау.

122 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына 25771,0 мың теңге қаралып, игерілгені 25769,8 мың теңге немесе 1,2 мың теңге үнемделген (413, 414 ерекшеліктері бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан әкімі аппаратын материалдық-техникалық жарықтандыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: – 2 бірлік көлікпен және 17 бірлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

Нақты орындалғаны: 413 ерекшелігі бойынша 19.02.2018 жылғы №49 келісім-шартқа сәйкес «Eurasia Motor Shymkent» ЖШС арқылы 2 дана қызметтік автокөлік 20380,0 мың теңгеге сатып алынған.

414 ерекшелік бойынша мемлекеттік органның күрделі шығыстарына есепті кезеңде 5389,8 мың теңге жұмсалған, атап айтқанда 14.03.2018 жылғы №64 келісім-шартқа сәйкес «Компания Эврика» ЖШС арқылы 489,0 мың теңгеге кондиционерлер, 13.03.2018 жылғы №63 келісім-шартқа сәйкес «Жалғасбек» ЖК арқылы 240,0 мың теңгеге фотоаппарат, 07.03.2018 жылғы №58-№61 келісім-шарттарға сәйкес «GEN» ЖК арқылы 63,0 мың теңгеге радиомикрофон, 42,0 мың теңгеге видеокамера, 240,0 мың теңгеге компьютер комплектісі, 240,0 мың теңгеге квадрокоптер, 10.04.2018 жылғы №80 келісім-шартқа сәйкес 491,0 мың теңгеге бейнекамера, 16.05.2018 жылғы №94, №95, №97, №99 келісім-шарттарға сәйкес 169,0 мың теңгеге темір сейф, 73,0 мың теңгеге 2 дана темір картотекалық шкафтар, 220,0 мың теңгеге көгалшапқыш, 53,0 мың теңгеге триммер, 26.03.2018 жылғы №72 келісім-шартқа сәйкес «OFF ROAD PARTS» ЖШС арқылы 2349,8 мың теңгеге дизельді генератор, 16.05.2018 жылғы №99 келісім-шартқа сәйкес «Карабеков С.Т.» ЖК арқылы 170,0 мың теңге 1 дана жұмсақ мебель, 04.06.2018 жылғы №113, №114, 115 келісім-шартқа сәйкес 70,0 мың теңге 1 дана киім ілгіш, 240,0 мың теңгеге шкафтар, 235,0 мың теңгеге үстелдер, 21.06.2018 жылғы №118 келісім-шартқа сәйкес 5,0 мың теңгеге стол сатып алынған.

122 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына 16169,0 мың теңге қаралып, игерілгені 16168,5 мың теңге немесе 0,5 мың теңге үнемделген (142 ерекшелік бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралардың сапасы мен тиімділігін арттыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: Штат саны 24 техникалық қызметкерді еңбекақыларына жаңа модельді және еңбектің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақылармен ұстау.

122 006 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасына 24134,0 мың теңге қаралып, толық игерілген.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға арналған шығыстарды өтеу.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері (жылдық): 1 бірлік Құтарыс ауыл округі Құтарыс е.м. аумағында автомобиль жолдарымен қиылысындағы Арыс өзенінің арнасын бекіту жұмыстарын жүргізу;

1 бірлік Құтарыс ауыл округі Құтарыс е.м. аумағында Арыс өзенін қоршап тұрған дамбаны жөндеу жұмыстары;

1 бірлік Манкент ауыл округі «Жоғарғы Аққала» каналының су басын ұзарту және кеңейту жұмыстары;

1 бірлік Манкент ауыл округі Манкент е/м "Сай" каналының арнасын бекіту жұмыстары;

1 бірлік Құтарыс ауыл округі «Оймауыт» каналының басын қалпына келтіру және нығайту жұмыстары;

70 бірлік резиналық жұмыс етіктері мен батпақ етіктерін сатып алу;

14 бірлік авариялық-құтқару саймандарын сатып алу.

Нақты орындалғаны: Құтарыс ауыл округі Құтарыс е.м. аумағында автомобиль жолдарымен қиылысындағы Арыс өзенінің арнасын бекіту жұмыстарын жүргізу бойынша «Карат-Z» ЖШС-мен 05.05.2018 жылы 11144,0 мың теңгелік №88-ші келісім шартқа тұрған. Аталған жұмысты 13.06.2018 жылы түзілген қабылдау Актісімен қабылдап, келісілген қаржы толық аударылған.

Құтарыс ауыл округі Құтарыс е.м. аумағында Арыс өзенін қоршап тұрған дамбаны жөндеу жұмыстары бойынша «Карат-Z» ЖШС-мен 05.05.2018 жылы 4356,8 мың теңгелік №89-шы келісім шартқа тұрған. Аталған жұмысты 13.06.2018 жылы түзілген қабылдау Актісімен қабылдап, келісілген қаржы толық аударылған. Сондай-ақ, жоғарыда аталған жұмыстар бойынша техникалық қадағалау жұмысын атқарған «Банур-1» ЖШС-не 107,2 мың теңге аударылған.

Манкент ауыл округі Манкент е/м "Сай" каналының арнасын бекіту жұмыстары бойынша «Гидро құрылыс» ЖШС-мен 03.05.2018 жылы 31360,0 мың теңгелік №87-ші келісім шартқа тұрып, аудитпен қамтылған кезең аралығында оның 8526,0 мың теңгесі аударылған. Аталған жұмысты 19.06.2018 жылы түзілген қабылдау Актісімен қолданысқа қабылдаған.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында нақты орындалған жұмыстардың анықтығын растау мақсатында 27.09.2018 жылы көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) Сайрам ауданы әкімінің кеңесшісі, ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің басшысы И.Марин және Сайрам ауданы әкімдігінің «Ақсу» МКК басшысы Ә.Қалмуратовтардың қатысуымен жүргізіліп, нақты атқарылған жұмыстар

бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ. Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) Актілері 49-70 бетте, 22 парақта қосымша тіркелді.

122 115 «Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау» бюджеттік бағдарламасына 4191,0 мың теңге қаралып, игерілгені 4190,0 мың теңге немесе 1,0 мың теңге үнемделген (165 ерекшелік бойынша).

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты – Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері: ОҚО сотының Азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 26.12.2017 жылғы №2а-378/17 азаматтық іс бойынша қаулысына, Сайрам аудандық сотының 25.10.2017 жылғы №5152-17-00-2/1998 санды азаматтық іс бойынша атқару парағына, ОҚО Әділет департаменті РММ-нің Сайрам ауданы аумақтық сот орындаушылар бөлімі басшысының 30.01.2018 жылғы №13/18-51-52 атқару өндірісі туралы қаулысына және Сайрам ауданы әкімдігінің 21.02.2018 жылғы №95-ші қаулысына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету.

Нақты орындалғаны: Сайрам ауданы сотының 25.10.2017 жылғы №5152-17-00-2/1998 шешімі, Сайрам ауданы сотының 25.10.2017 жылғы атқару парағы, Сайрам ауданы әкімінің 21.02.2018 жылғы №95 қаулысына сәйкес атқарушылық құжаттарының сот актілерінің орындалуына байланысты Атабаев Берик Сансызбаевичке 4190,0 мың теңге төленген.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2. Көрсеткіш: мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы (мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың саны және көлемі)

2.1.1.2.3. Бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі және қаралған қаржылардың игерілуінің заңнамаға сәйкестігі;

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалынған. Жасалынған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Бюджетті нақтылау және түзету жағдайларында бюджеттік өтінімдер уақтылы сәйкестендірілген.

1-тармақ. Алайда, аудитпен қамтылған кезеңде 2016 жылдың екінші жартыжылдығында 3 мәрте, 2017 жылы 4 мәрте, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында 3 мәрте болған бюджетті нақтылау және түзету

жағдайларында сәйкестендірілген бюджеттік өтінімдердің бірінші мұқаба парағының мүлдем толтырылмайтындығы немесе арналмағандығы анықталды. Яғни, «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығының 10 тармағында айтылған «Бюджеттік өтінімнің мұқаба парағы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді» деген талабы сақталмаған. Жіберілген бұзушылыққа түсініктеме 71 бетте, 1 парақта қосымша тіркелді. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.4. Мемлекеттік аудитті жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және оларды өтеу бойынша қабылданған шаралар;

Аудитпен қамтылған кезең аралығында мекемедегі есеп айырысу тәртібінің сақталуына, коммуналдық және басқа да төлемдер бойынша банк операцияларының және дебиторлық пен кредиторлық берешектің пайда болуына байланысты операциялардың анықтығына, дұрыстығына және басқа ұйымдардың шоттарына аударылған сомаларды бухгалтерлік есепке алудың деректерімен және банктің берген үзінділерімен салыстыра отырып банк шоттары бойынша операциялар тексерілді.

2018 жылдың 01 шілдесіне мекеменің алдындағы жалпы алашақ /дебитор/ қарызы 1539,7 мың теңгені құраған, оның ішінде 122001000 бюджеттік бағдарламаның 152 «Байланыс қызметіне ақы төлеу» ерекшелігінен «Қазақтелеком» АҚ-на алдын ала төлем жасау есебінен алашақ /дебитор/ қарызы 96,1 мың теңгені құраған.

2-тармақ. 122001000 бюджеттік бағдарламаның 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігінен 28.02.2018 жылғы №55 келісім-шартқа сәйкес «Исфиджаб» ЖШС-не нормативтік-құқықтық актілерді газет бетіне жариялау қызметі үшін алдын-ала төлем жасау есебінен алашақ /дебитор/ қарызы 904,4 мың теңгені құраса, 16.02.2018 жылғы №46/19-095 келісім-шартқа сәйкес «Национальные информационные технологии» АҚ-на ақпараттық жүйеде ілесу, серверлік құрылғыларға техникалық қызмет көрсету қызметі үшін алдын-ала төлем жасау есебінен алашақ /дебитор/ қарызы 539,2 мың теңгені құраған. Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 170-тармағында айтылған «159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының мынадай:

ауруларды шетелде емдеуді көздейтін шығыстарды төлеу үшін 70 пайыздан;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың ауылда қызмет көрсетуін көздейтін шығыстарды төлеу үшін 50 пайыздан;

осы тармақта көзделген шығыстардың тізбесіне енбейтін шығыстарды төлеу үшін 30 пайыздан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі» деген талабы сақталмаған. Дәлелді құжаттардың көшірмелері 72-80 бетте, 9 парақта қосымша тіркелді.

Талап ету мерзімі өтіп кеткен, қайтаруға үмітсіз дебиторлық қарыздар бақылаумен қамтылған мерзімде болмаған.

2018 жылдың 01 шілдесіне мекеменің алдындағы жалпы берешек /кредитор/ қарызы 175,8 мың теңгені құраған, оның ішінде 122001000 бюджеттік бағдарламаның 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік сапарлары» ерекшелігі бойынша 23,6 мың теңге, 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша 152,2 мың теңге. Құжаттардың көшірмелері 81-87 бетте, 7 парақта қосымша тіркелді. Кредиторлық берешек қарыздар шілде айында толықтай аударылған. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.5. Бухгалтерлік есепті жүргізудің және бюджеттік бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді жасаудың анықтығы, тиісті органдарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігі;

Мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізуде ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №393 бұйрығының талаптары басшылыққа алынған. 1С бағдарламасы қолданылуда.

ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 жылғы №324 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 02 желтоқсандағы №630 бұйрығына сәйкес тиісті есептіліктер өз мерзімінде жасалынған.

Мекеменің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына және ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған және тиісті органдарға ҚР Қаржы министрінің 08.07.2010 жылғы «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» №325 бұйрығына сәйкес «Бухгалтерлік баланс», «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», «Қаржыландыру көздері (тікелей әдіс) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба», «Қайта ұйымдастыру кезіндегі бухгалтерлік баланс» есептері жасалып, мерзімінде ұсынылған.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.6. Еңбек ақы төлеуді реттейтін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес лауазымдық айлықақыларды, тарифтік ставкаларды, жалақыға үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеудің дұрыстығы;

Мекеменің өкімдері мен бұйрықтары, жұмысқа шығу табельдері, айлық жалақының есептелінуі мен төленуі тексерілді. Айлық жалақының мемлекеттік қызметкерлерге төленуі ҚР Президентінің 17.01.2004 жылғы «ҚР мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған ҚР органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» №1284 Жарлығының, ҚР Үкіметінің 16.10.2017 жылғы «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» №646қбп қаулысының, ал азаматтық қызметшілерге ҚР Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 Қаулысының талаптары басшылыққа алынып есептелінген. Мекеме қызметкерлеріне айлық жалақыларын есептеуге аудан әкімінің өкіміне сәйкес қызметкерлердің еңбек өтілдерін есептеу жөніндегі құрылған комиссияның тиісті хаттамалары негіз болған. Еңбекақы шығындарын жоспарлауда мекеме басшысының бұйрығына сәйкес арнайы комиссия құрылып, еңбек өтілдері мен білімдеріне сәйкес хаттама толтырылған. Мемлекеттік қызметшілердің және келісім шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің лауазымдық жалақылары штаттық кестеге сәйкес есептелініп төленген.

2016 жылдың II жартыжылдығында 122001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 011 РБ-тің 111 ерекшелігінен 4895,0 мың теңге, 131 ерекшелігінен 2859,0 мың теңге, 113 ерекшелігінен 685,0 мың теңге және 015 ЖБ-тің 111 ерекшелігінен 15539,0 мың теңге, 112 ерекшелігінен 3588,0 мың теңге, 113 ерекшелігінен 3062,0 мың теңге, 131 ерекшелігінен 8436,0 мың теңге жаратылған.

122005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасының 131 ерекшелігі бойынша РБ-тен 2819,0 мың теңге және ЖБ-тен 6884,0 мың теңге жаратылған.

2017 жылы 122001000 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 111 ерекшелігінен 45661,0 мың теңге, 112 ерекшелігінен 1530,0 мың теңге, 113 ерекшелігінен 6865,0 мың теңге, 131 ерекшелігінен 15397,0 мың теңге жаратылған.

122005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасының 131 ерекшелігі бойынша 8223,0 мың теңге жаратылған.

2018 жылдың I жартыжылдығында 122001000 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 111 ерекшелігінен 22837,0 мың теңге, 113 ерекшелігінен 3229,6 мың теңге, 131 ерекшелігінен 8013,0 мың теңге жаратылған.

122005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасының 131 ерекшелігі бойынша 8714,0 мың теңге жаратылған.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.7. *Іс-сапар шығындарына жұмсалған қаражаттардың негізділігі;*

2016 жылдың 01 шілде - 31 желтоқсан айлары аралығында мекемеде 122001015 бюджеттік бағдарламаның 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша бюджеттен 491,0 мың теңге, 2017 жылы 122001000 бюджеттік бағдарламаның 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша бюджеттен 2027,5 мың теңге, 162 «Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар» 294,6 мың теңге, 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік сапарлары» 279,8 мың теңге және 2018 жылдың 01 қаңтар - 30 маусым айлары аралығында 122001000 бюджеттік бағдарламаның 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығындары» ерекшелігі бойынша бюджеттен 591,5 мың теңге жаратылған.

Іс-сапар төлемдерін төлеуде Мемлекеттік аудитпен қамтылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» №1428 қаулысымен бекітілген ережесі басшылыққа алынған.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.8. *Нақты бар негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізу, бухгалтерлік есепке алу (негізгі құралдарды есептен шығару) дұрыстығы.*

Мекеме есебіндегі негізгі құралдар мен тауарлық - материалдық құндылықтарға жыл сайынғы түгендеу жұмысы мекеме тарапынан ҚР Қаржы министрлігінің 22.08.2011 жылғы "Мемлекеттік мекемелерде түгендеу-санаудың ережесін бекіту туралы" №423 бұйрығына сай жүргізілген. Түгендеу нәтижелерін бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру барысында, артық немесе кем шыққан негізгі материалдық құндылықтар мен мүліктер анықталмаған (20.12.2017 жылғы №145-ші бұйрық негізінде жүргізілген 28.12.2017 жылғы №1 түгендеу тізімдемесі).

Активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарына, атап айтқанда шот-фактураларға, тауар құжаттарына, төлемге ұсынылған шоттарға сәйкестігі мен олардың бар-жоғын анықтау мақсатында негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға Сайрам ауданы әкімі аппараты басшысының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №153 бұйрығына сәйкес мүліктерді түгендеу комиссиясы құрылып, мекеменің теңгеріміндегі негізгі құралдар мен мүліктерге түгендеу жұмыстары жүргізілді. Түгендеу нәтижесін бухгалтерлік есеп деректерімен

салыстыру барысында, артық немесе кем шыққан негізгі материалдық құндылықтар мен мүліктер анықталмаған (28.09.2018 жылғы №153-ші бұйрық негізінде жүргізілген 03.10.2018 жылғы №1 түгендеу тізімдемесі 88-112 бетте тіркелді).

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған тауарлар мен негізгі құралдар-жабдықтар және автокөліктер, бұдан бөлек Сайрам ауданы әкімдігінің 03.07.2017 жылғы №271 қаулысымен Сайрам аудандық мәслихат аппараты теңгерімінен қабылданған 2013 жылғы мемлекеттік нөмірі 078AA13 Toyota Camry және «ОҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС-нен ОҚО қаржы басқармасының 09.02.2018 жылғы №53 бұйрығы және Сайрам ауданы әкімдігінің 12.02.2018 жылғы №49 қаулысы негізінде баланстан-балансқа өтеусіз қабылданған, 2014 жылғы мемлекеттік нөмірі 733 BC13 Skoda Superb B6 автокөліктері бухгалтерлік есепке (теңгерімге) толықтай кіріс етілген.

Аудит жүргізу аралығында мекеме балансында тіркелген 5 қызметтік автокөліктер, атап айтқанда: 2013 жылғы мемлекеттік нөмірі 184AA13 Chevrolet Cruze Sedan («Жас туристер станциясы» МКҚК), 2012 жылғы мемлекеттік нөмірі 608MM13 Chevrolet Cruze («Ақсу» МКК), 2013 жылғы мемлекеттік нөмірі 916AW13 Toyota Camry («Сайрам аудандық №1 балалар мен жас өспірімдер спорт мектебі» ММ), 2006 жылғы мемлекеттік нөмірі 182AA13 Toyota Camry («Ақсу» МКК), 2006 жылғы мемлекеттік нөмірі 183AA13 Toyota Camry («Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Үйде әлеуметтік көмек көрсету» КММ) Сайрам ауданы әкімдігінің 03.07.2017 жылғы №271, 28.09.2017 жылғы №387, 30.10.2017 жылғы №422 және 21.05.2018 жылғы №254 қаулылары негізінде баланстан-балансқа қабылдау-өткеру актілері арқылы, Сайрам ауданы әкімшілігіне қарасты мекемелеріне өтеусіз шығыс етілген.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.9. Қызметтік автокөліктерді ұстауға, жанар-жағар май шығындарын есептен шығаруға жұмсалған қаржылардың дұрыстығы;

Сайрам ауданы әкімінің 2016 жылғы 03 қазандағы «Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автокөліктерді пайдалануды ретке келтіру туралы» №22 шешімімен көлік қызметін көрсету үшін жеңіл автокөліктердің тиістілік нормативтері бекітіліп, атап айтқанда 4-қызметтік автокөлік, 1-кезекші автокөлік белгіленіп, басшылыққа алынған.

2016 жылдың шілде-желтоқсан айлары аралығында 122001 бюджеттік бағдарламаның 144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 10100 литр АИ-92 бензин 1232,3 мың теңгеге жаратылса, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша автокөліктерді ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге 1229,0 мың теңге жұмсалған. 2017 жылы 144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 22200 литр АИ-92 бензин 3127,6 мың теңгеге

жаратылса, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша автокөліктерді ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге 1698,0 мың теңге жұмсалған. 2018 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында 144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 3299,0 мың теңгеге 20890 литр АИ-92 бензині сатып алынса, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша автокөліктерді ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге 2418,7 мың теңге жұмсалған. Автокөлікке бөлінген жанар-жағар май ҚР Үкіметінің 11.08.2009 жылғы №1210 «Жанар-жағар май материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту» қаулысына және «Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №2 мен 2017 жылғы 31 тамыздағы №7 «Облыс әкімінің аппаратына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға автокөлік қызметін көрсету үшін автокөліктерді бөлу және оларға, тексеру комиссиясына жүру лимитін айқындау туралы» шешімдерін басшылыққа ала отырып шығыс жасаған.

Көлік құралын пайдалану, ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы №663 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы» қаулысына және ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында белгіленген нормативтен артық автокөлік анықталмады.

2018 жылдың 01 шілдесіне мемлекеттік аудит объектісінің балансында 2005 жылғы мемлекеттік нөмірі 023AA13 Toyota Land Cruiser, 2015 жылғы мемлекеттік нөмірі 911AW13 Kia Optima, 2014 жылғы мемлекеттік нөмірі 733 BC13 Skoda Superb B6, 2017 жылғы мемлекеттік нөмірі 159BC13 Hyundai Sonata және 2017 жылғы мемлекеттік нөмірі 739BC13 Hyundai Sonata маркалы автокөліктер тіркелген.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.10. Мемлекеттік сатып алу туралы заңына сәйкес тауарларды сатып алу, қызмет көрсету және жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің сақталуы.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта ҚР 04.12.2015 жылғы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабына сәйкес жылдық жоспарлар (2016 жылғы мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары Сайрам ауданы әкімі аппараты басшысының 05.01.2016 жылғы №2 бұйрығымен, 2017 жылғы мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары 04.01.2017 жылғы №1 бұйрығымен және 2018 жылғы мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары 29.12.2017 жылғы №150 бұйрығымен) уақытылы бекітіліп, мемлекеттік сатып алу жоспарының веб-порталына енгізіліп отырған. Мемлекеттік сатып алудың

бекітілген жылдық жоспарына 2016 жылдың шілде-желтоқсан аралығында 6-рет, 2017 жылы 12-рет, 2018 жылдың қаңтар-маусым айларында 5-рет өзгеріс енгізілген.

2016 жылдың шілде - желтоқсан аралығында 2 рет конкурс өткізу тәсілімен 4805,8 мың теңгеге, 3 рет баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 3838,0 мың теңгеге, 243 рет бір көзден алу тәсілімен 17105,6 мың теңгеге мемлекеттік сатып алулар жүзеге асырылған.

2017 жылы 2 рет конкурс өткізу тәсілімен 140,0 мың теңгеге, 6 рет баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 8436,2 мың теңгеге, 477 рет бір көзден алу тәсілімен 60840,3 мың теңгеге мемлекеттік сатып алулар жүзеге асырылған.

2017 жылы «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен 03.07.2017 жылы жасасқан №88 келісім-шарт талаптарын мерзімінде орындамағаны, яғни тауарды жеткізуден бас тартуына байланысты «Мақтарал-2050» Жеке кәсіпкердің үстінен 28.07.2017 жылы №4158 талап арыз беріліп, ОҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 23.07.2017 жылғы №5165-17-00-2/3598 шешімімен жеке кәсіпкер «Мақтарал-2050» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылған.

2018 жылдың I жарты жылдығында 9 рет конкурс өткізу тәсілімен 66815,0 мың теңгеге, 3 рет баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 5945,5 мың теңгеге, 437 рет бір көзден алу тәсілімен 60905,3 мың теңгеге мемлекеттік сатып алулар жүзеге асырылған.

2018 жылы «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен 13.04.2018 жылы жасасқан №84 келісім-шарт талаптарын мерзімінде орындамағаны, яғни құны 3000,0 мың теңгелік Сайрам ауданы Манкент а/о «Жоғарғы Аққала» каналының су басын ұзарту және кеңейту жұмыстарын уақтылы орындамағаны үшін «Arnur city» ЖШС-і үстінен 23.05.2018 жылы №1/2702 талап арыз беріліп, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 09.08.2018 жылғы №5165-18-00-2/2611 шешімімен «Arnur city» ЖШС-і мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылған және 66,0 мың теңге тұрақсыздық сомасын өндіру шешімімен қанағаттандырылған.

2016 жылдың соңғы 6 айында 248, 2017 жылы 485 және 2018 жылдың I жартыжылдығында 449 мемлекеттік сатып алу процедуралары өткізіліп, барлығы 1182 келісім шарт түзілген.

Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ҚР Үкіметінің 19.03.2012 жылғы №341 «Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын, сондай-ақ конкурстың немесе аукционның қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» қаулысымен және ҚР Қаржы министрінің 23.12.2015 жылғы №677 "Конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы

қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген тізбелеріне және ондағы көрсеткіштердің талаптарға сәйкестігін бақылау барысында аудиторлық іс-шарамен қамтылған аралықта үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша кемшілік анықталмады. Сондай-ақ, тапсырыс беруші мен әлеуеті өнім беруші арасында жасалған келісім шарттардың мемлекеттік сатып алу заңнамаларымен бекітілген мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарда көзделген міндеттемелер толығымен қарастырылған.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).

2.1.1.2.11. Мекеменің негізгі қызметін талдау және оның тиімділігі.

Сайрам ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 шілдесіндегі №1321 қаулысымен бекітілген «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне сәйкес мекеменің миссиясы: аудан әкімі мен әкімдіктің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді, ауылдық округтер мен кент әкімдерінің, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру болып табылады.

«Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі штат құрылымына сәйкес 6 бөлімнен құрылған, атап айтқанда ұйымдастыру бөлімі, персоналды басқару бөлімі (кадр қызметі), заң бөлімі, жалпы бөлім, ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімі және әкімшілік бөлімі. Бөлімдер бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес қызметтерін атқаруда.

Сайрам ауданы әкімі аппаратында 2016 жылдың 6 ай қорытындысы бойынша өткізілген жеке қабылдау жұмыстарына талдау.

2016 жылдың 6 ай қорытындысымен аудан әкімінің жеке қабылдауында барлығы 60 азамат болған. Атап айтқанда:

Әлеуметтік сала, материалдық көмек, жұмыспен қамту мәселелері бойынша 10, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша 6, ауыл шаруашылығы, жер мәселелері бойынша 26, білім саласы бойынша 10, жол мәселесі бойынша 3, басқада мәселелермен 5 азамат аудан әкімінің жеке қабылдауында болып, келген азаматтарға тиісті деңгейде өз құзіреті шегінде жауаптары мен мәселелері шешіліп, 31 азаматқа жазбаша жауап берілсе, 29 азаматқа заң аясында түсіндірме жауап берілген.

2016 жылдың қорытындысы бойынша жеке және заңды тұлғалардан жазбаша түскен өтініштерді талдау.

Сайрам ауданы әкімі аппаратында 2016 жылдың қорытындысымен жеке тұлғалар тарапынан 614 және заңды тұлғалар тарапынан 255 өтініш есепке алынып, жалпы саны 869 өтініш тіркелген.

Өтініштер 533 жер мәселесі, 73 білім саласы бойынша, 56 әлеуметтік сипаттағы мәселелер, 129 тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөнінде, 11 ауыл шаруашылығы, 22 көлік және жол мәселесі, 45 өзгеде мәселелер бойынша

жазылған және оның 44 өтініші қанағаттандырылып, 825 өтінішке түсіндірме жауап берілген.

2017 жылдың 12 айында Сайрам аудан әкімінің жеке қабылдауында барлығы 83 азамат болған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 6 азаматқа көбейген. Атап айтқанда:

Әлеуметтік сала, материалдық көмек, жұмыспен қамту мәселелері бойынша 11, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша 10, ауыл шаруашылығы, жер мәселелері бойынша 30, білім саласы бойынша 2, жол мәселесі бойынша 3, басқада мәселелермен 27 азамат аудан әкімінің жеке қабылдауында болып, 15 азаматқа заңда көрсетілген мерзімде жазбаша жауап берілсе, 68 азаматқа жеке қабылдау барысында түсіндірме жауап беріліп, келген азаматтарға тиісті деңгейде өз күзиреті шегінде жауаптары мен мәселелері шешілген.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Сайрам ауданы әкімі аппаратында жеке және заңды тұлғалардан жазбаша түскен өтініштерді талдау.

Сайрам ауданы әкімі аппаратында 2017 жылдың қорытындысымен жеке тұлғалар тарапынан 608 және заңды тұлғалар тарапынан 271 өтініш есепке алынып, жалпы саны 879 өтініш тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 10 өтінішке көбейген.

Аталған өтініштерге салааралық талдау жасағанда олардың 472 жер мәселесі, 60 білім саласы бойынша, 80 әлеуметтік сипаттағы мәселелер, 83 тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөнінде, 40 ауыл шаруашылығы, 32 көлік және жол мәселесі, 112 өзгеде мәселелерге арналған.

Сондай-ақ, жыл қорытындысымен 879 өтініш толығымен қаралып, 50 өтініш қанағаттандырылса, 829 өтінішке заң аясында түсіндірме жауап берілген.

2018 жылдың I жарты жылдығында аудан әкімінің жеке қабылдауында барлығы 58 азамат болған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 8 азаматқа азайған. Атап айтқанда:

Әлеуметтік сала, материалдық көмек, жұмыспен қамту мәселелері бойынша 13, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша 13, ауыл шаруашылығы, жер мәселелері бойынша 18, білім саласы бойынша 4, жол мәселесі бойынша 3, заңсыз құрылыс бойынша 1, басқада мәселелермен 6 азамат аудан әкімінің жеке қабылдауында болып, келген азаматтарға тиісті деңгейде өз күзиреті шегінде жауаптары мен мәселелері шешіліп, 2 азаматқа жазбаша жауап берілсе, 56 азаматқа жеке қабылдау барысында заң аясында түсіндірме жауап берілген.

2018 жылдың I жарты жылдығында жеке және заңды тұлғалардан жазбаша түскен өтініштерді талдау.

Сайрам ауданы әкімі аппаратында 2018 жылдың I жарты жылдығында жеке тұлғалар тарапынан 343 және заңды тұлғалар тарапынан 153 өтініш есепке алынып, жалпы саны 496 өтініш тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 95 өтінішке көбейген.

Өтініштер 206 жер мәселесі, 23 білім саласы бойынша, 26 әлеуметтік сипаттағы мәселелер, 41 тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөнінде, 30

ауыл шаруашылығы, 12 көлік және жол мәселесі, 8 құрылыс саласы бойынша, 150 өзгеде мәселелер бойынша жазылған.

Сонымен қатар, 496 өтініштің 472 есептік кезең соңына дейін толығымен қаралып, 21 өтініш қанағаттандырылса, 451 өтінішке заң аясында түсіндірме жауап берілген.

Жалпы осы мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бекітілген ережесіне, регламентіне сәйкес мекеменің бөлімдері өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асырған және мекемеге бекітілген бюджеттік бағдарламаларда қаралған көрсеткіштерге жоспарланған бюджет қаржысы шеңберінде қол жеткізілген және есепті кезеңге бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған қаржылардың толық игерілгенін ескере отырып, мекеменің атқарған қызметін тиімді деп бағалауға болады.

Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *(Қаралған құжаттар тізбесі 45-47 бетте 3 парақта тіркелді).*

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1 Көрсеткіш: Бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігі (бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілу пайызымен бірге бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижесіне жеткізудің пайыздық ара қатынасы)

2016 жылдың екінші жартыжылдығында мемлекеттік аудит объектісі бойынша аудитпен қамтылған 4 бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 91634,0 мың теңгенің 91630,6 мың теңгесі игерілген немесе 99,99% орындалған. Үнемделу есебінен 3,4 мың теңге қалдық болған.

2017 жылы 5 бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 171630,0 мың теңгенің 171627,0 мың теңгесі игерілген немесе 99,99% орындалған. Үнемделу есебінен 3,0 мың теңге қалдық болған.

2018 жылдың бірінші жарты жылдығында 5 бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған 142534,0 мың теңгенің 142528,7 мың теңгесі игерілген немесе 99,99% орындалған. Үнемделу есебінен 5,3 мың теңге қалдық болған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығындағы мекеменің бюджеттік бағдарламаларындағы жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштері толығымен орындалып, қол жеткізілген. Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

Көрсеткіш: мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы (мемлекеттік аудит барысында анықталған қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың саны және көлемі)

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында қаржылық бұзушылықтар анықталмады, тек жылдарға шаққанда 4 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит жүргізуде кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Аудит жүргізу барысында шаралар қабылданбады.

IV. Қосымшалар:

- 1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;
- 2) аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі;
- 3) кестелер мен аудиторлық дәлелдеме құжаттардың көшірмелері.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас маман- мемлекеттік аудиторы



Керімбек Жайықбай
Өпенұлы

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

№1 дана №0003137 «ОҚО бойынша тексеру комиссиясы» ММ;

№2 дана №0003138 «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» ММ

Тексеру комиссиясы
1 дана